



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ БЕРЕДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары бірін-бірі Ораза айт мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Түркия халықтарына бақ-береке тіледі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар өңіріндегі су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты қолдау көрсеткені үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты.

Қазақстан Президенті Түркия Республикасымен бауырластық қатынасты, сондай-ақ екі ел халықтары арасындағы тұрақты ынтымақтастық пен өзара тілеуестікті жоғары бағалайтынын мәлімдеді.

Әңгімелесу барысында президенттер екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселесін талқылап, алдағы уақытқа жоспарланған кездесулер кестесін қарастырды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі отандастар!

Баршанызды Ораза айт мейрамымен құттықтаймын! Бұл — мұсылман қауымының ерекше ықыласпен қарсы алатын ұлық мерекесі.

Қасиетті Рамазан айында жұрт адамгершілік құндылықтарға баса мән береді, рухани тазаруға ұмтылады. Мұқтаж жандарға қол ұшын созып, айналасына қайырымдылық көрсетеді. Отыз күн оразадағы сабыр мен қанағатқа негізделген игі амалдың бәрі Айт мерекесінің шынайы болмысын айшықтай түседі.

Ата дініміз адамзатты татулық пен тыныштыққа, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа үндейді. Адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, бүкіл еліміздің ырысты ынтымағын арттыруға ықпал етеді.

Халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасып жатыр. Бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқарады.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Әр шаңыраққа бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Айт қабыл болсын, ағайын!

Ауызбірлік апаттан сақтады



Ойыл өзенінің тасқынымен үш күн, үш түн бойы алысқан қызылқоғалықтар қиын сәтте нағыз ерліктің үлгісін көрсетті. Біз тасқын сумен алысып жатқан қызылқоғалықтарға арнайы барып, ахуалды білдік. 1 575 тұрғыны бар Көздіғара ауылдық округінің орталығы – Қоныстану ауылына 3 сәуір күні бардық. Біз жеткен кезде ауыл тұрғындары екінші түн тасқынмен алысып жатты.

Ауылды судан қорғау үшін соғылған екі бөгетті қатты ағыс бұзып кетіп, ауыл тұрғындары тайлы-таяғы қалмастан үшінші бөгетті биіктетіп жатыр екен. Ауыл халқы, тіпті әйелдер мен мектептің жоғары сынып оқушылары да бірі қалмастан күні-түні бел шешпестен тасқыннан қорғануға үлес қосып жатты.

Өкініштісі, ауыл іргесінде жаңадан салынған мешіт, салынып жатқан дене-

шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы, тұрғындарға үй салу үшін инженерлік желі тартылып, арнайы дайындалған үлкен учаске мен ауылды табиғи газбен қамтамасыз ететін арнайы торапты толықтай су алып кетті. Ауылдың шетіндегі төрт үйді де су басты. Бірақ халықтың бекем бірлігі тұтас ауылды су шаюдан аман алып қалды.

(Жалғасы 7-бетте)



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛІП ТҮСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына барша мұсылман қауымы үшін қасиетті саналатын Ораза айтқа орай шет мемлекеттердің басшыларынан және халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау жеделхаттары келіп түсті.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа түрік халқының және жеке өз атынан жүрекжарды лебізін білдіріп, оған зор денсаулық, бақыт, ал достас әрі бауырлас Қазақстан жұртшылығына бақ-береке тіледі.

— Ынтымақ-бірлік, бауырластық құндылықтарын дәріптейтін осы қасиетті мереке Ислам әлеміне және барша адамзатқа бейбітшілік, бақ-береке ала келсін, — деп жазылған Түркия Президентінің құттықтау жеделхатында.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өз құттықтауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен бауырлас Қазақстан халқына ізгі тілегін білдірген.

— Кейінгі жылдары ортақ мәдени және рухани құндылықтарды қастерлейтін достас халықтарымыздың өзара бірлігі нығайып келеді. Оның бейбітшілік пен тыныштықты, өзара достықты дәріптейтін қасиетті Рамазан айы мен Ораза айттың ізгі қағидаттарымен үндесетіні сөзсіз, — деп жазылған жеделхатта.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров құттықтауында мемлекетіміздің басшысына амандық тілеп, Қазақстан халқының бейбіт заманда өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірген.

— Сенімнің беріктігін, төзімділік пен бірлікті айшықтайтын осынау рухани мерекеді халықтарымыздың ынтымағы нығайып, бақ-берекесі еселене берсін, — деп жазды қырғыз елінің басшысы.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон өз жеделхатында елдеріміз арасындағы достық қарым-қатынастың жоғары деңгейіне көңілі толатынын атап өткен.

— Барша мұсылман елдері үшін қасиетті саналатын мейрамның адамгершілікке үндейтін құндылықтары мен жасампаз дәстүрі халықтарымыз арасындағы мызғымас берік байланысты нығайтуға алдағы уақытта да қызмет ете беретініне сенімдімін, — деп жазған Тәжікстан басшысы.


Қасиетті Ораза айт мейрамына орай ізгі тілегін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов те жолдады.

— Ежелден адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік және рухани тазалық секілді асыл қасиеттерді дәріптейтін бұл мейрам мұсылман үмбеті арасындағы өзара түсіністікті, ынтымақ пен татулықты нығайта беретініне кәміл сенемін, — деп жазған Түрікменстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысын БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Иордания Королі II Абдалла, Марокко Королі VI Мұхаммед, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Кувейт Мемлекетінің Әмірі шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах, Ливия Президенті кенесінің төрағасы Мұхаммед Юнис әл-Манфи, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Ирак Президенті Абдул Латиф Рашид, Палестина Президенті Махмуд Аббас, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Сингапур Премьер-министрі Ли Сянь Лун, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі және Дубай Әміршісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрдің орынбасары шейх Мансур бен Заид Әл Нахаян, Түрікменстан Халқ Мاسлахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Ислам ынтымақтастығы ұйымының бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха және тағы басқалар құттықтады.

ДИССЕРТАЦИЯ ДЕВАЛЬВАЦИЯЛАНҒАН ЗАМАН

Қазақстанда енді ғалым атағын алу жеңілдейді: докторлық диссертация қорғау оңайлатылады. Болашақта тіпті ғылыми-зерттеу нәтижелерін шетелдік басылымдарда жариялау талабы алынып тасталуы ықтимал. Әзірге Үкімет оларға балама ретінде қазақстандық ғылыми журналдардың дамуын ынталандырып, қолдауға кірісті. Бұл жаңашылдықтар ғалым болуды емес, ғалым атануды қалайтындардың жанына жағып, жайлылық әкелгенімен, отандық ғылымның көсегесін көгерте қояр ма екен?!



5»

ҚОМСЫНБАСАҚ, ҚОҚЫС ТА КӘДЕЛІ

Елімізде шешімін күткен көп мәселенің бірі — қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды өңдеу. Ашық ақпарат көздеріндегі дерек бойынша, қазір 5 мыңға жуық полигонда жиналған қоқыс көлемі 22 миллиард тоннадан асады. Ол жыл сайын тағы 5 миллион тоннадан астам қалдықпен толығып отырады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, бытыр елімізде 4,1 млн тоннаға жуық коммуналық қалдық түзілген, оның 1 млн тоннасы сұрыпталып, қайта өңделді, қалғаны полигондарға төгілген. Ал өңдеу көлемін арттырмай, полигондарда коқыс жинай беретін болсақ, жеріміз көп ұзамай коқыс алаңына айналуы

мүмкін. Эколог-мамандар еліміздегі коқыс полигондарының 80 пайызы экологиялық және санитарлық талаптарға сай келмейтінін, оның үстіне, басым бөлігі коқысқа толғанып айтып дабыл қағуда.

Сенатор Закиржан Қузиетің пікірінше, қазір коқыс мәселесімен күрес бойынша қабылданып жатқан шаралар тиісті

нәтиже бермей келеді. Қауіпті және медициналық қалдықтарды жою және залалсыздандыру кезінде қолданылатын технология нормативке сай емес. Бюджеттен қаншама қаражат қарастырылған зауыттардың жұмысы тоқтап тұр.

(Жалғасы 4-бетте)



